


Жетісу облысы білім басқармасының Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің  
«Алақай» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы  
негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары  
Ортаңғы «Айгөлею» тобы**

**Тәрбиешілер: Ахтанбаева М.Н**

КЕЛІСІЛДІ»

балабақша әдіскері

 А.М.Сейтханова

«Бекітемін»

«Алақай» балабақшасының

менгерушісі

 И.К. Байсултанова

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2024 – 2025 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы :«Алақай» балабақшасы

Ортаңғы«Айгөлею»тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы 2024 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> <b>Жүру.</b> Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру. <b>Тепе - теңдікті сақтау.</b> Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тактай (20-30 см), арқан бойымен жүру. <b>Жүгіру.</b> Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден жүгіру <b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық). <b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу. <b>Секіру.</b> Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып секіру. <b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Танық, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.</p>

	<p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі</b> Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.</p>
Көркем әдебиет	<p>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру; Кітаптарға қызығушылықты ояту. Балаларды таклақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p>
Қазақ тілі	<p>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау. <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Қазақ тіліне тән қ дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу. <b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту.</p>
Математика негіздері	<p>Біртекті заттарды өзара топтастыру және біреуін бөліп көрсету. «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп) біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, жеке заттарын сөреге қою. Өз қаласы туралы, ондағы үйдің орны, әртүрлі ғимараттар туралы білімді қалыптастыру. Күз мезгіліндегі маусымдық ерекшеліктермен танысып, табиғат құбылыстарын ажырату.</p>
Құрастыру	<p>Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.</p>
Сурет салу	<p>- бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу. Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу.</p>
Мүсіндеу	<p>Ермексизден мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Ермексиз кесектерінен бөліп алу, домалату тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді мүсіндеуге үйрету.</p>
Жапсыру	<p>Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып қағазға жапсыру.</p>
Музыка	<p>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. <b>Музыка тыңдау.</b> Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.</p>

Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқын (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді және т.б.) байқауға үйрету.

**Ән айту.**

Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.

**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**

Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аяқ қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.

**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**

Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.

Білім беру ұйымы : «Алақай» балабақшасы  
Ортаңғы «Айгөлек» тобы  
Балалардың жасы: 3жастағы балалар  
Жоспардың құрылу кезеңі: Қазан айы 2024 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> Жүру. Әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру. Тене - теңдікті сақтау. тура жолмен, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен жүру.</p> <p>аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы кадаммен жүру.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> Жүру. Тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру.</p> <p>Тене - теңдікті сақтау. Бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтайшалардың үстімен жүру.</p> <p>Жүгіру. Белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру.</p> <p>Домалату, лақтыру, қағып алу. Затты оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 м) лақтыру (1-1,5 м қашықтық) лақтыру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Көлбеу модуль бойымен еңбектеу.</p> <p>Секіру. 15-20 см биіктіктен секіру.</p> <p>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.</p>

	<p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.</p> <p>Спорттық жаттығулар. Шамамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.</p>
Көркем әдебиет	Ертегіні мұқият тыңдау. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.
Қазақ тілі	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Қазақ тіліне тән Ө, Қ дыбыстарын дұрыс айтуға баулу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас») атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p>
Математика негіздері	<p>Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру</p> <p><b>Сан.</b></p> <p>Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.</p>
Қоршаған әлеммен таныстыру	<p>- табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу);</p> <p>- қыммен, сумен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау);</p>
Құрастыру	Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету.
Сурет салу	Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкенистер), дөңгелек пішінді (жемістер) заттарды бейнелеу.
Мүсіндеу	Ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату тәсілдерін пайдалана отырып, көкенистер мен кейбір заттарды мүсіндеуге үйрету
Жапсыру	Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, пайда болған бейнені қағазға жапсыру.
Музыка	Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. <b>Музыка тыңдау.</b>

	<p>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді және т.б.) байқауға үйрету.</p> <p><b>Ән айту.</b> Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: шо қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</b> Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.</p>
--	--

Білім беру ұйымы: «Алақай» балабақшасы  
 Ортаңғы «Айгөлеу» тобы  
 Балалардың жасы: 3 жастағы балалар  
 Жоспардың құрылу кезеңі: Қараша айы 2024 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар: қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артқа апарып шапалақтау; аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы кадаммен жүру.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <b>Жүру.</b> Әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүру.  <b>Тепе - теңдікті сақтау.</b> Қырлы тақтайдың бойымен жүру.  <b>Жүгіру.</b> Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру.  <b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> Допты кеуде тұсынан лақтыру.  <b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Доғаның астымен (биіктігі 40 см) еңбектеу.  <b>Секіру.</b> Заттарды айналып және заттардың арасымен секіру.  <b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар.</b> Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b> Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.</p>

Көркем әдебиет	Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Әр бала отбасы мүшесін сомдап шығады. Бет перделермен ертегі кейіпкерлерінің рөліне ену.
Қазақ тілі	. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Байланыстырып сөйлеу. Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу
Математика негіздері	«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету. Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Кейбір көкөністер мен жемістерді дәмінен ажыратады және атайды Суретті плакаттармен әр бала өз отбасы мүшелерін таныстырады. Отбасы мүшелерінің атауын атайды, ағаш бейнесіне жапсырады.
Құрастыру	Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар тұрғызады; Ұжымдық құрылыс жасауға қатысады; Құрылыс материалдарынан көлік тұрағын құрастырады.
Сурет салу	Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Тақырыпқа сай суреттер салу
Мүсіндеу	Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (көкөністер, бағдаршам, көліктер).
Жапсыру	Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұжият жағып алу, жайымадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. Берілген пішіндерді желімнің көмегімен қағаз бетіне орналастырып, үй ағаш құрастырады. Берілген пішіндерді желімнің көмегімен қағаз бетіне орналастырып, бағдаршам құрастырады.
Музыка	Музыка тыңдау.

Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.

**Ән айту.**

Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).

**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**

Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.

**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**

Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.

Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Дауысты (а, ә, е) және кейбір дауыссыз (к-к, ) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.  <b>Сөздік қор.</b>  Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту.  <b>Байланыстырып сөйлеу.</b>  Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.</p>
Көркем әдебиет	Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.
Қазақ тілі	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  қазақ тіліне тән ө, і дыбыстарды өздігінен дұрыс айтуға баулу.  <b>Сөздік қор.</b>  Баланың сөздік қорын дамытуда тақпақтар жаттауға баулу.</p>
Математика негіздері	<p>Бір немесе бірнеше бірдей пішінді табу, «қанша?» сұрағына жауап беруге жаттықтыру.  Балаларда «биік», «аласа» ұғымдары туралы түсінік қалыптастыру;  Заттардың биіктігі мен ұзындығы секілді қасиеттер туралы түсінік аясын кеңейту.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелерімен таныстыру. Отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, жақындарына қамқорлық танытуға баулу.
Құрастыру	Төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. Өздерінің құрастырған жолдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.
Сурет салу	Сурет салу кезінде қарындашты дұрыс ұстауды үйрету; Сурет салу кезінде мақталы таяқшаларды қолдану;
Мүсіндеу	Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Ермексаздан ұшақ жасау. Берілген ермексаздан жүк көлігін мүсіндейді.
Жапсыру	Ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру арқылы жапсыру. Берілген қағаз бөліктерінен автобус жапсырады.
Музыка	<p><b>Музыка тыңдау.</b>  Музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуды ажырату, оларды атау, қарапайым ырғақпен соғуды үйрету.  Әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды.</p>

Сөздерді дұрыс және анық айту, әнінің сипатын береді (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді);

**Ән айту.**

Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әнінің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).

**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**

Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, бубен, сылдырмақ және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.

Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинида) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

Білім беру ұйымы :«Алақай» балабақшасы  
 Ортаңғы «Айгөлек» тобы  
 Балалардың жасы: 3жастағы балалар  
 Жоспардың құрылу кезеңі: Қаңтар айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.                      аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <b>Жүру.</b> Тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру.</p> <p><b>Тепе - теңдікті сақтау.</b> Арқан бойымен жүру, тура жолмен жүру.</p> <p><b>Жүгіру.</b> Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін) жүгіру.</p> <p><b>Домалату, лақтыру, қағып алу..</b> Аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне домалату.</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Туннель арқылы еңбектеу.</p> <p><b>Секіру.</b> Ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру.</p> <p><b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар.</b> Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b> Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу.</p>

	еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.
Көркем әдебиет	Ересектердің рөліне еніп, қарапайым көріністерді ойнайды. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.
Қазақ тілі	Қазақ тіліне ө, і дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Қазақ тіліне тән дыбыстарды өздігінен дұрыс айтуға баулу. <b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.
Математика негіздері	Бірдей затты табу, "қанша? неше?" сұрағына жауап беру. Түсін атау. Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) белгілеу. бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету
Сурет салу	Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ыргакты түрде бояуды қалыптастыру.
Қоршаған ортамен таныстыру	бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану. «Дала гүлдерінің» 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру
Құрастыру	ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан үлгі бойынша гүл құрастыру. ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан үлгі бойынша гүл құрастыру. суреттегі үлгісіне қарап, құрастырғыштарды бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, жабайы жануар бейнесін құрастыру.
Сурет салу	Сурет салу кезінде қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Бала алақанын бояп, гүлдің сабағын бейнелейді. Мақталы таяқшалармен гүл күлтелерін бейнелейді; Сурет салу кезінде дөңгелек пішінді гүлдерді губканың көмегімен бейнелеу;

	Үнаған үй жануарлары суретін қылқаламмен бояу. Қылқаламды дұрыс пайдалану дағдысын қалыптастыру;
Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру Кесектерді алақандарының арасында домалату, жаю арқылы мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;
Жалпыру	Ересектер дайындаған ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру арқылы жалпыру
Музыка	<p>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.</p> <p><b>Музыка тыңдау.</b> Өртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.</p> <p><b>Ән айту.</b> Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</b> Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.</p>

Білім беру ұйымы :«Алақай» балабақшасы  
 Ортаңғы «Айгөлек» тобы  
 Балалардың жасы: 3жастағы балалар  
 Жоспардың құрылу кезеңі: Ақпан айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.</p> <p>аяқты бүту және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b></p> <p><b>Жүру.</b> Еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналып жүру.</p> <p><b>Тепе - теңдікті сақтау.</b> Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 см).</p> <p><b>Жүгіру.</b> Тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.</p> <p><b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> Дөпты заттардың арасымен, қақпаға домалату.</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Саты бойымен өрмелеу.</p> <p><b>Секіру.</b> Сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 см қашықтыққа секіру.</p> <p><b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар.</b> Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b> Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын</p>

	<p>дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;  - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау;  - әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу.  Жиһаздарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.  заттарды жалпы (ыдыс) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.  <b>Байланыстырып сөйлеу.</b>  Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.</p>
Көркем әдебиет	<p>Ересектермен бірге қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.  - балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру.  Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p>
Қазақ тілі	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Қазақ тіліне тән қ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.  <b>Сөздік қор.</b>  Баланың сөздік қорын дамытуда тақпақтар жаттауға баулу.  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b>  Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету.  Қазақ тіліне тән дыбыстарды өздігінен дұрыс айтуға баулу.  Жұмбақ шешкізу сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.</p>
Математика негіздері	<p>Сезім мүшелерінің атауымен, олардың міндетімен, орналасқан орнымен танысады.  Балаларды геометриялық фигураларды ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.  біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді, бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.</p>

	<p>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.</p>
Құрастыру	<p>- қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту.</p> <p>Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.</p> <p>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.</p>
Сурет салу	<p>Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, кара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызылт, көгілдір, сұр) қолдану.</p> <p>Сезім мүшелерін жапсыра отырып оларды бояйды.</p> <p>Ыдыс суретіне бейнеленген оюдың әсемдігін, оның орналасуын байқайды, олардың элементтерін бөліп көрсетеді. Қылқаламмен, қарындашпен бояйды. қылқаламмен бояу.</p>
Мүсіндеу	<p>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Ермексазды домалақтау, жаю арқылы сезім мүшесін мүсіндейді.</p> <p>Кесектерді алақандарының арасында домалату, жаю арқылы ыдыстарды мүсіндеу;</p>
Жапсыру	<p>Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау.</p> <p>Сезім мүшелерінің орнын тауып желіммен жапсырады</p> <p>Геометриялық фигураларды ажыратады, оларды ою-өрнектермен безендіреді, жапсырады.</p> <p>Өртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден ыдыс-аяқтар құрастырады.</p>
Музыка	<p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p><b>Ән айту.</b></p> <p>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқылда әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту)..</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b></p> <p>Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты</p>

қимылдар орындау.

Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.

Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ығмамен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

Білім беру ұйымы : «Алақай» балабақшасы

Ортаңғы«Айгөлек» тобы

Балалардың жасы: 3жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: Наурыз айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); колдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> <b>Жүру.</b> Әртүрлі бағытта: ура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүру.</p> <p><b>Тепе - теңдікті сақтау.</b> Қырлы тақтайдың бойымен жүру.</p> <p><b>Жүгіру.</b> Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру.</p> <p><b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 м).</p> <p><b>Секіру.</b> Заттарды айналып және заттардың арасымен секіру.</p> <p><b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар.</b> Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b> Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.</p>

Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.  Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.</p>
Көркем әдебиет	<p>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.  Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p>
Қазақ тілі	<p>Қазақ тіліне тән к, дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.  Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.  Заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.  Баланың сөздік қорын дамытуда, тақпақтар жаттауға баулу.  Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету.</p>
Математика негіздері	<ul style="list-style-type: none"> <li>- заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу;</li> <li>- командада жұмыс істей білуге дағдыландыру;</li> <li>- көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту.</li> </ul> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b>  Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.  Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.  - балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету;</p>

Құрастыру	Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.
Сурет салу	Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.
Мүсіндеу	Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы жануарларды мүсіндеу.
Жапсыру	Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау
Музыка	<p><b>Музыка тыңдау.</b> Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.</p> <p><b>Ән айту.</b> Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесіп отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аяқ қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p> <p>Ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</b> Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p>

Білім беру ұйымы : «Алақай» балабақшасы

Ортаңғы «Айгөлек» тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: Сәуір айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.</p> <p>аяқты бұғу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> <b>Жүру.</b> тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру.</p> <p><b>Тепе - теңдікті сақтау.</b> бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтайшалардың үстімен жүру.</p> <p><b>Жүгіру.</b> белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру.</p> <p><b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> Затты оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 м) лақтыру (1-1,5 м қашықтық) лақтыру.</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> көлбеу модуль бойымен еңбектеу.</p> <p><b>Секіру.</b> 15-20 см биіктіктен секіру.</p> <p><b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар.</b> Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b> Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.</p>

Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Дауысты (а, ә, е, о) және кейбір дауыссыз ( ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.</p> <p><b>Сөздік қор.</b>  Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қаламы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b>  Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b>  Кейіпкерлерді сыпаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту</p>
Көркем әдебиет	<p>балаларға жақсы және жаман қылықтарды ажыратуды үйрету.</p> <p>Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуды үйрету.</p>
Қазақ тілі	<p>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұнын бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуды баулу.</p>
Математика негіздері	<p>Балаларға геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен ойын құрастыру.</p> <p>Геометриялық фигураларды біледі. Жақсы және жаман әрекеттерді бұрыштарына орналастырады.</p> <p>Балаларды геометриялық фигураларды ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Балаларда "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" әрекеттер ( қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту. Жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.</p> <p>Достыққа, өзара көмек пен келісімге тәрбиелеу.</p>
Құрастыру	<p>- қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту.</p> <p>Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылым материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.</p>
Сурет салу	<p>түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым</p>

	<p>сюжеттік композициялар жасауға үйрету</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу;</li> <li>- бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу.</li> </ul>
Мүсіндеу	<p>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу.</li> </ul> <p>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p>
Жапсыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру;</li> <li>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;</li> <li>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу.</li> </ul> <p>Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.</p>
Музыка	<p>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.</p> <p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді ) байқауға үйрету.</p> <p><b>Ән айту.</b></p> <p>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесіп отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b></p> <p>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p> <p>Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</b></p> <p>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p>

Білім беру ұйымы :«Алақай» балабақшасы

Ортаңғы «Айгөлею» тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: Мамыр айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> <b>Жүру.</b> Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру.</p> <p><b>Тепе - теңдікті сақтау.</b> Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен қолбеу тастай (20-30 см), арқан бойымен жүру.</p> <p><b>Жүгіру.</b> Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден жүгіру.</p> <p><b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық).</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 м).</p> <p><b>Секіру.</b> Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылқы секіру.</p> <p><b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі</b></p>

	Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.
Сөйлеуді дамыту	Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.
Көркем әдебиет	Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.
Қазақ тілі	сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойыншатын) дамыту <b>Кеңістікте бағдарлау:</b> Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуін жетілдіру (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). <b>Уақытты бағдарлау:</b> Тәулік бөліктері (таңертен, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертен» туралы ұғымдарын кеңейту.
Математика негіздері	- бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету; - командада жұмыс істей білуге дағдыландыру; Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертен-кешке.
Қоршаған ортамен таныстыру	- табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жәндіктер жемеу, жануарларға тиіспеу); - құрмен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау); - табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу.
Құрастыру	- қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын

	<p>калыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту.</p> <p>Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.</p>
Сурет салу	<p>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу;</p> <p>Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызылт, көгілдір, сұр) қолдану.</p> <p>- бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу.</p>
Мүсіндеу	<p>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;</p> <p>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу.</p> <p>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.</p>
Жапсыру	<p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді ) байқауға үйрету.</p> <p><b>Ән айту.</b></p> <p>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b></p> <p>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</b></p> <p>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p>